

Качир ауданы Береговое ауылдық округі Береговое ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Береговое ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 наурызда № 5410 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Береговое ауылдық округі Береговое ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Береговое ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Береговое ауылдық округі Береговое ауылының "Набережная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Береговое ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Г. Рахметова